

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2018 жылғы 20 қыркүйектегі  
№ 469 бұйрығына 97 - қосымша

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына 537 - қосымша

Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған 6-9 сыныптары үшін  
үлгілік оқу бағдарламасы

### 1 - тарау. Жалпы ережелер

1. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған 6-9 сыныптары үшін «Адам және әлем» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. «Адам және әлем» оқу пәнінің мақсаты – білім алушылардың бастауыш сыныпта алған қоршаған әлем туралы түсініктерін кеңейту және бекіту, қоршаған әлемде бағдарлаудың тәжірибелік тәсілдерін дамыту, өмірлік қажетті дағдылары мен икемділіктерін қалыптастыру.

3. Негізгі міндеттері:

- 1) қоршаған әлемде тәжірибелік бағдарлау үшін қажетті икемділіктер мен дағдыларды, табиғаттағы қауіпсіз тәртіпті қалыптастыру;
- 2) өз денсаулығын сақтау және күту дағдыларын қалыптастыру;
- 3) адекваттық әлеуметтік тәртіп қалыптастыру.

### 2 - тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

4. Бағдарламада оқу-нормативтік құжаттың дәстүрлі міндеттері арнайы білім беру мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың инновациялық тәсілдерімен үйлесімді сабақтасқан.

5. Құндылыққа, іс-әрекетке, коммуникативтік, тұлғаға бағдарлық тәсілдер білім берудің классикалық негізі ретінде оқыту мақсаттарының жүйесі мен білім беру процесі нәтижелерінің басымдылығын арттыру үшін қолданылып, Бағдарламаның жаңа құрылымында көрініс тапты.

6. Қазіргі кезеңде білім алушының өздігінен білімді игеруі үшін оның белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру оқу процесіне қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады. Мұндай тәсіл пәндік білімді, әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларды ғана емес, сонымен бірге өзінің жеке мүдделері мен болашағын сезінуге, сындарлы шешімдер қабылдауына мүмкіндік беретін тұлғалық қасиеттерді де меңгеруге ықпал етеді.

7. Тұлғалық-бағдарлық білім беруді күшейту білім беру процесінде барлық қатысушылардың өзара қарым-қатынасында өктемшілікке жол бермей, ынтымақтастығы үшін алғышарттарды құрайтын оқытудың алуан түрлі интербелсенді әдістерін қолдану кезінде мүмкін болады.

8. Білім беру процесін ұйымдастырудың барлық тәсілдемелері орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқытуды шынайы заттық-тәжірибелік әрекеттің мәнмәтініндегі күнделікті қарым-қатынас жағдайында, білім, әрекеттену тәсілдерімен белсенді алмасатын нақты істер мен жағдай түрінде ұйымдастыруға бағытталған.

9. Білім алушылармен «Адам және әлем» пәні аясында жұмыс істеу процесінде «Шаруашылық еңбек», «Кәсіп», «Тәртіп мәдениеті», «Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау» курстарымен пәнаралық байланыс орнатылады. Аталған пәндер бойынша бағдарламалардың мазмұнын «Адам және әлем» пәні бойынша бір сабақ аясында кіріктіруге болады.

10. Оқу процесін ұйымдастыру тәсілінің негізінде ақыл-ой дамымауы айқын байқалатын тұлғалардың өмірін ұйымдастырудың негізін қалаушы идея ретінде бүкіл әлемде қабылданған «қалыптандыру» педагогикалық тұжырымдамасы жатыр. Осы тұжырымдамаға сәйкес білім алушы түзету педагогикалық шаралардың барлық жүйесін жобалаған кездегі негізгі және жалғыз есептеу нүктесі болып табылады.

11. Жоспарланған педагогикалық шаралар білім алушылармен тікелей жүргізілетін жұмыстарды ғана емес, сондай-ақ қоршаған ортаның қайтадан құрылуын, әрбір білім алушының өзіндік әрекетін ынталандыратын жағдайды тудыруды да қамтиды.

12. «Қалыптандыру» тұжырымдамасының негізінде оқыту мен тәрбиелеу процесін ұйымдастыру қағидалары қалыптастырылған:

1) білім алушының өзіндік бірегей ерекшеліктерін сақтай отырып, дербес қарқында даму мүмкіндігімен қамтамасыз ету. Бұл қағиданы сақтау баланы оқытудың жеке бағдарламасының мазмұнын анықтау мақсатында оның мүмкіндігі мен ілгерілемелі дамуын үнемі зерделеп отыруды білдіреді;

2) педагогтың әрбір білім алушыны оқытудың мазмұнын, тәсілдерін, түрін, дидактикалық құралдарды олардың жеке мүмкіндіктері мен білім берудегі және жеке тұлғалық жетістіктерін мониторингілеу нәтижесін есепке ала отырып, өздігінен таңдауы;

3) білім алушыларда тәжірибелік әрекеттер мен әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру үшін қажетті мектептік ортаны құру. Білім

алушылармен сабақ өтетін жайлар әр түрлі өмірлік жағдаяттарды бейнелейтін кеңістікке айналдырылады;

4) білім алушылардың мектептегі күнделікті әрекеттерінің біріктірілген сипаты. Сабақ барлық оқу пәндері бойынша біріктірілген сипатта болады;

5) әлеуметтендіру құралы ретіндегі ойлау, сөйлеу тілі мен коммуникацияны дамыту қағидасы. Сөйлеу тілін түсінуді кеңейту, қарым-қатынастың сөздік және сөздік емес құралдарын қалыптастыру, білім алушылардың көрнекілік-әрекеттік ойлауын дамыту бойынша жұмыстар бірізділікпен құрылады.

6) оқу-тәрбиелеу процесінің әлеуметтендіру бағыттылығы: білім алушыларды күрделі әлеуметтік ортаға ендіру.

13. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқыту процесі мазмұны жағынан да, сол сияқты ұйымдастыру түрі жағынан да қатал реттелуі мүмкін емес.

14. Білім алушылар сабақты әрекет түрін білім алушының өзіне қажет болған жағдайда өзгерте алатын, жекеленген жұмысты орындайтындай және педагогтан жеке көмек ала алатындай етіп ұйымдастырылуын қажет етеді. Білім алушыларға сынып бөлмесінде еркін қозғала алатындай мүмкіндік берілуге тиісті.

15. Білім алушылардың сабақтағы дербестігінің дамуы және белсенділігі байқалатын әрекеттердің негізгі түрлері:

- 1) тірі және өлі табиғат пен әлеуметтік өмірдің құбылыстарын бақылау;
- 2) заттық-тәжірибелік әрекет;
- 3) іскерлік ойындар;
- 4) білім алушылардың шаруашылық-еңбектік әрекеті;
- 5) әлеуметтік-тұрмыстық әрекет;
- 6) білім алушылар мен жақын ортасындағы ересектермен арасындағы қарым-қатынас (микросоциум);
- 7) оқу әрекеті (білім алушының мүмкіндіктеріне сәйкес).

16. Табиғат құбылыстары, жыл мезгілінің ауысуы, табиғаттағы және қоғамдағы адам өмірі циклдік түрде болады. Білім алушыларды қоршаған табиғат пен қоғаммен өзара әрекеттестікке тарта отырып, оларға өмірлік циклдердің қайталанғыштығын, ағымдылығын және қайтымсыздығын сезінуге мүмкіндік береді. Білім алушыларда қоршаған әлемде және әлеуметтік ортада бағдарлау үшін қажетті әрекеттену тәсілдерін, икемділіктерді қалыптастырады. Әрекеттену тәсілдерін меңгеру білім алушылардың қоршаған әлеммен өзара әрекеттестігін қамтамасыз ететін және қолдайтын мұғалімнің басшылығымен жүзеге асырылады.

17. Мұғалім оқу процесін жергілікті табиғаттық-климаттық жағдайды, сыныптағы білім алушылардың құрамын есепке ала отырып жоспарлайды және бағдарламалық оқу материалын таңдайды. Сабақтарда оқылатын оқу материалы білім алушылар өмір сүретін болмысты бейнелейді.

18. Сабақтар көрнекі құралдардың сәйкес жүйесімен және жекешеленген жұмыстарға арналған үлестірмелі заттық материалдармен қамтамасыз етіледі. Сынып бөлмесіндегі сабақтар экскурсиялармен кезектестіріледі.

19. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бағалау шараларына қойылатын талаптар гуманизм идеяларына, осы санаттағы білім алушыларды мектептік оқытудың табиғатына сәйкестігіне шартты болады.

20. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жеке оқу бағдарламасында тұжырымдалған міндеттер олардың оқудағы жетістіктерін бағалау үшін пайдаланылады.

21. Білім алушыны оқытудың жеке бағдарламасы білім алушының «Қоршаған әлем» пәні бойынша 1-5-сыныптарда қалыптасқан дағдылар деңгейін есепке ала отырып, оның мүмкіндіктері туралы мәліметтердің негізінде құрылады.

22. Білім алушылардың жетістіктерін бағалау тек ішкі бағалау құралдарымен ғана жүзеге асырылады. Мұғалім оқытудың жеке бағдарламасын жүзеге асыру нәтижелерін білім беру процесі барысында бағалайды.

23. Педагогтар бақылау-бағалау әрекетін ақыл-ойы дамымаған білім алушылармен жүргізілетін барлық педагогикалық процесстің құрылуына негіз болатын арнайы педагогиканың «диагностика мен түзете дамыту жұмысының бірлігі» қағидасына сәйкес жүйелі түрде жүзеге асырады.

24. Бақылау, білім алушының әрекетінің өнімдерін, ауызша берген жауаптарын оқыту мен тәрбиелеудің жекеленген міндеттерімен салыстыра отырып, бағалау әрекеті болып табылады.

25. Білім алушылардың жетістіктерін бағалау шараларының бірізділігі:

1) білім алушылардың даму, білім және дағдыларының даму деңгейлерін алдын ала бағалау. Оқытудың жеке бағдарламасын құруға арналған негіз ретіндегі білім алушының даму бейінін құру;

2) білім алушылардың жетістіктері мен дамуын ағымды бағалау. Ол білім алушылардың сабақ барысындағы жұмысын күнделікті бақылау арқылы жүзеге асырылады және мұғалімнің күнделікті жұмыс жоспарына тіркеліп отырады;

3) бірінші жартыжылдық аяқталғанда аралық бағалау жүзеге асырылады. Жетістіктерді қорытынды бағалау оқу жылының аяқталуына қарай жүзеге асырылады. Икемділіктер мен дағдыларды оқытудың жеке бағдарламасына сәйкес қалыптастырудың жетістігі туралы бағалау пайымдамасы жеке бағдарламада тіркеледі.

26. Білім алушының жеке бағдарлама бойынша жетістіктерін сипаттағанда міндетті түрде білім алушының дағдылар мен икемділіктерді меңгерудегі дербестік деңгейі (өздігінен, үлгі бойынша, еліктеу бойынша, педагогпен бірлескен әрекеттің көмегімен) көрсетіледі.

### 3 - тарау. «Адам және әлем» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

27. «Адам және әлем» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 6-сыныпта аптасына – 3 сағат, оқу жылында 102 сағат;
- 2) 7-сыныпта аптасына – 3 сағат, оқу жылында 102 сағат;
- 3) 8-сыныпта аптасына – 3 сағат, оқу жылында 102 сағат;
- 4) 9-сыныпта аптасына – 3 сағат, оқу жылында 102 сағат.

28. Оқу-тәрбиелеу процесін ұйымдастыру үшін сабақ тиісті көрнекілік және дидактикалық материалдарымен қамтамасыз етіледі.

29. Әр сыныптың оқу материалы бөлімдерге бөлінеді:

- 1) 1-бөлім «Өлі табиғат»;
- 2) 2-бөлім «Тірі табиғат»;
- 3) 3-бөлім «Адам ағзасы»;
- 4) 4-бөлім «Менің Отаным».

30. «Өлі табиғат» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) табиғаттағы мезгілдік өзгерістер;
- 2) ауа райы;
- 3) табиғат құбылыстары.

31. «Тірі табиғат» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) бөлме өсімдіктері және гүлзардағы өсімдіктер;
- 2) ағаштар мен бұталар;
- 3) бақ және бақша өсімдіктері;
- 4) саябақ өсімдіктері;
- 5) орман өсімдіктері;
- 6) егістік пен шабындық өсімдіктері;
- 7) дала мен шөл өсімдіктері;
- 8) жануарлардың сан алуан түрі;
- 9) үй жануарлары мен үй құстары;
- 10) жабайы жануарлар мен құстар.

32. «Адам ағзасы» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) адам және оның денесі;
- 2) адам және оның өмірі.

33. «Менің Отаным» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) менің қалам (ауылым);
- 2) менің елім.

34. Мұғалім барлық бағдарламалық материалды сабақта жүзеге асыруға міндетті емес. Оқыту үшін білім алушылардың өмір жағдайына сәйкес келетін және оларды әлеуметтік бейімдеу үшін қажетті мазмұнды таңдап алады.

35. Бағдарламада оқу мақсаттарын қолдануға, мониторинг өткізуге тиімді болу үшін кодтық белгі енгізілген. Кодтық белгідегі бірінші сан білім беру кезеңін, екінші сан бөлімді, үшінші сан оқу мақсатының реттік нөмерін көрсетеді. Мысалы, 1.1.1.4 кодындағы «1» – бөлім, «1.1» – бөлімше, «4» – оқу мақсатының реттік саны.

1) «Өлі табиғат»:

1-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары			
	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1.1 Табиғаттағы мезгілдік өзгерістер	6.1.1.1 күннің шығуы мен батуын ажырату;	7.1.1.1 түнгі және күндізгі аспанды ажырату;	8.1.1.1 ауа қасиеттерін бақылау;	9.1.1.1 су қасиеттерін бақылау;
	6.1.1.2 күн мен айды ажырату;	7.1.1.2 күннің жарық және жылу беретінін түсіну;	8.1.1.2 күннің жылдың әр түрлі мезгіліндегі ұзақтығын ажырату;	9.1.1.2 жыл мезгілдерін және олардың дәйектілігін атау;
	6.1.1.3 ерте, алтын, қара күзді ажырату; күз белгілерін тану (атау), күз айларын атау;	7.1.1.3 ерте, алтын, қара күзді ажырату; күз белгілерін тану (атау), күз айларын, олардың санын атау;	8.1.1.3 ерте, алтын, қара күзді ажырату; күз белгілерін тану (атау), күз айларын, олардың санын атау;	9.1.1.3 ерте, алтын, қара күзді ажырату; күз белгілерін тану (атау), күз айларын, олардың санын атау;
	6.1.1.4 күздегі өсімдіктер және жануарлар өміріндегі өзгерістерді бақылау және атау; күзгі ағаштардың жапырақтарын, жемістерін, тұқымдарын жинау және	7.1.1.4 күздегі өсімдіктер және жануарлар өміріндегі өзгерістерді бақылау және атау; күзгі ағаштардың жапырақтарын, жемістерін, тұқымдарын жинау және	8.1.1.4 күздегі өсімдіктер және жануарлар өміріндегі өзгерістерді бақылау және атау; күзгі ағаштардың жапырақтарын, жемістерін, тұқымдарын жинау және	9.1.1.4 күздегі өсімдіктер және жануарлар өміріндегі өзгерістерді бақылау және атау; күзгі ағаштардың жапырақтарын, жемістерін, тұқымдарын жинау және

	қарастыру	қарастыру; күзгі жауын- шашынды атау	қарастыру; күзгі жауын- шашынды атау	қарастыру; күзгі жауын- шашынды атау; күздегі бірінші қатқакты бақылау
	6.1.1.5 қарлы, қары аз, жылы, суық қысты ажырату; қыс белгілерін тану\атау; қыс айларын атау;	7.1.1.5 қарлы, қары аз, жылы, суық қысты ажырату; қыс белгілерін тану\атау; қыс айларын, олардың санын атау;	8.1.1.5 қарлы, қары аз, жылы, суық қысты ажырату; қыс белгілерін тану\атау; қыс айларын, олардың санын атау;	9.1.1.5 қарлы, қары аз, жылы, суық қысты ажырату; қыс белгілерін тану\атау; қыс айларын, олардың санын атау;
	6.1.1.6 қыстағы өсімдіктер және жануарлар өміріндегі өзгерістерді тану және атау; қыста құстарды қосымша тамақтандыру;	7.1.1.6 қыстағы өсімдіктер және жануарлар өміріндегі өзгерістерді тану және атау; қыста құстарды қосымша тамақтандыру;	8.1.1.6 қыстағы өсімдіктер және жануарлар өміріндегі өзгерістерді тану және атау; қыста құстарды қосымша тамақтандыру;	9.1.1.6 қыстағы өсімдіктер және жануарлар өміріндегі өзгерістерді тану және атау; қыста құстарды қосымша тамақтандыру ;
	6.1.1.7 қысқы мерекелерді, балалардың қысқы қызықтарын, қысқы спорт түрлерін тану\атау; жылы бөлмедегі қардың және мұздың еруін	7.1.1.7 қысқы мерекелерді, балалардың қысқы қызықтарын, қысқы спорт түрлерін тану\атау; жылы бөлмедегі қардың және мұздың еруін	8.1.1.7 қысқы мерекелерді, балалардың қысқы қызықтарын, қысқы спорт түрлерін тану\атау; жылы бөлмедегі қардың және мұздың еруін	9.1.1.7 қысқы мерекелерді, балалардың қысқы қызықтарын, қысқы спорт түрлерін тану\атау; жылы бөлмедегі қардың және мұздың еруін

	бақылау;	бақылау; қардың жерді қатып қалудан сақтайтынын түсіну;	бақылау; қардың жерді қатып қалудан сақтайтынын түсіну;	бақылау; қардың жерді қатып қалудан сақтайтынын түсіну; қаршықтың құрылысын лупа арқылы қарау;
	6.1.1.8 ерте көктемді, көктемнің аяқталуын ажырату; көктем белгілерін тану\ атау, көктем айларын атау;	7.1.1.8 ерте көктемді, көктемнің аяқталуын ажырату; көктем белгілерін тану\ атау, көктем айларын, олардың санын атау;	8.1.1.8 ерте көктемді, көктемнің аяқталуын ажырату; көктем белгілерін тану\ атау, көктем айларын, олардың санын атау;	9.1.1.8 ерте көктемді, көктемнің аяқталуын ажырату; көктем белгілерін тану\ атау, көктем айларын, олардың санын атау;
	6.1.1.9 көктемдегі өсімдіктер және жануарлар өміріндегі өзгерістерді тану және атау;	7.1.1.9 көктемдегі өсімдіктер және жануарлар өміріндегі өзгерістерді тану және атау, жануарлар мен құстардың көктемдегі қылықтары;	8.1.1.9 көктемдегі өсімдіктер және жануарлар өміріндегі өзгерістерді тану және атау, жануарлар мен құстардың көктемдегі қылықтары;	9.1.1.9 көктемдегі өсімдіктер және жануарлар өміріндегі өзгерістерді тану және атау, жануарлар мен құстардың көктемдегі қылықтары;
	6.1.1.10 адамның көктемгі табиғаттағы еңбегін, көктемдегі мерекелерді білу\атау;	7.1.1.10 адамның көктемгі табиғаттағы еңбегін, көктемдегі мерекелерді білу\атау;	8.1.1.10 адамның көктемгі табиғаттағы еңбегін, көктемдегі мерекелерді білу\атау;	9.1.1.10 адамның көктемгі табиғаттағы еңбегін, көктемдегі мерекелерді білу\атау;



	6.1.1.11 жаз белгілерін тану/атау, жаз айларын атау;	7.1.1.11 жаз белгілерін тану/атау, жаз айларын, олардың санын атау;	8.1.1.11 жаз белгілерін тану/атау, жаз айларын, олардың санын атау;	9.1.1.11 жаз белгілерін тану/атау, жаз айларын, олардың санын атау;
	6.1.1.12 адамның жазғы табиғаттағы еңбегін, көктемдегі мерекелерді білу\атау;	7.1.1.12 адамның жазғы табиғаттағы еңбегін, көктемдегі мерекелерді білу\атау;	8.1.1.12 адамның жазғы табиғаттағы еңбегін, көктемдегі мерекелерді білу\атау;	9.1.1.12 адамның жазғы табиғаттағы еңбегін, көктемдегі мерекелерді білу\атау;
1.2 Ауа райы	6.1.2.1 ашық, жайма шуақ, бұлыңғыр ауа райын ажырату;	7.1.2.1 ашық, жайма шуақ, бұлыңғыр ауа райын ажырату; кешегі, бүгінгі ауа райын ажырату, атау;	8.1.2.1 ашық, жайма шуақ, бұлыңғыр ауа райын ажырату; кешегі, бүгінгі ауа райын ажырату, атау;	9.1.2.1 ашық, жайма шуақ, бұлыңғыр ауа райын ажырату; кешегі, бүгінгі ауа райын ажырату, атау;
	6.1.2.2 жаңбыр, нөсер жаңбыр, бұлт, қара бұлт, қар, бұршақтарды ажырату және атау, қолшатырды пайдалану;	7.1.2.2 жаңбыр, нөсер жаңбыр, бұлт, қара бұлт, қар, бұршақтарды ажырату және атау, қолшатырды пайдалану;	8.1.2.2 жаңбыр, нөсер жаңбыр, бұлт, қара бұлт, қар, бұршақтарды ажырату және атау, қолшатырды пайдалану;	9.1.2.2 жаңбыр, нөсер жаңбыр, бұлт, қара бұлт, қар, бұршақтарды ажырату және атау, қолшатырды пайдалану;
	6.1.2.3 фотосуреттерді, пиктограммаларды және басқа	7.1.2.3 фотосуреттерді, пиктограммаларды және басқа	8.1.2.3 фотосуреттерді, пиктограммаларды және басқа	9.1.2.3 фотосуреттерді, пиктограммаларды және басқа

	белгілерді пайдалана отырып, ауа райы күнтізбесін жүргізу; жаңбырды, қар жауғанды, бұршақ жауғанды бақылау;	белгілерді пайдалана отырып, ауа райы күнтізбесін жүргізу; жаңбырды, қар жауғанды, бұршақ жауғанды бақылау;	белгілерді пайдалана отырып, ауа райы күнтізбесін жүргізу; жаңбырды, қар жауғанды, бұршақ жауғанды бақылау;	белгілерді пайдалана отырып, ауа райы күнтізбесін жүргізу; жаңбырды, қар жауғанды, бұршақ жауғанды бақылау;
1.3 Табиғат құбылыстары	6.1.3.1 табиғат құбылыстарын : найзағай, жай, тұман, кемпірқосақ, шық, қырау, тайғақты ажырату\атау;	7.1.3.1 табиғат құбылыстарын : найзағай, жай, тұман, кемпірқосақ, шық, қырау, тайғақты ажырату\атау;	8.1.3.1 табиғат құбылыстарын : найзағай, жай, тұман, кемпірқосақ, шық, қырау, тайғақты ажырату\атау;	9.1.3.1 табиғат құбылыстарын : найзағай, жай, тұман, кемпірқосақ, шық, қырау, тайғақты ажырату\атау;
	6.1.3.2 қар жауғанда, тайғақта, найзағай ойнағанда, жаңбыр жауғанда адамның қауіпсіздік ережелерін ұстану;	7.1.3.2 қар жауғанда, тайғақта, найзағай ойнағанда, жаңбыр жауғанда адамның қауіпсіздік ережелерін ұстану;	8.1.3.2 қар жауғанда, тайғақта, найзағай ойнағанда, жаңбыр жауғанда адамның қауіпсіздік ережелерін ұстану;	9.1.3.2 қар жауғанда, тайғақта, найзағай ойнағанда, жаңбыр жауғанда адамның қауіпсіздік ережелерін ұстану;
		7.1.3.3 кемпірқосақты, қырауды, шықты бақылау;	8.1.3.3 кемпірқосақты, қырауды, шықты, қар жауғанды, қатты желді бақылау;	9.1.3.3 кемпірқосақты, қырауды, шықты, қар жауғанды, қатты желді бақылау;

2) «Тірі табиғат»:  
2-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары			
	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып

2.1 Бөлме өсімдіктері және гүлзардағы өсімдіктер	6.2.1.1 мұғалімнің таңдауы бойынша бөлме өсімдігін тану, ату және күту	7.2.1.1 мұғалімнің таңдауы бойынша бөлме өсімдігін тану, ату және күту	8.2.1.1 мұғалімнің таңдауы бойынша бөлме өсімдігін тану, ату және күту	9.2.1.1 мұғалімнің таңдауы бойынша бөлме өсімдігін тану, ату және күту
	6.2.1.2 гүлзардағы кез келген жергілікті гүлді (ақкекіре, раушангүл, қырмызыгүл) тану, атау; өсімдік бөліктерін (жапырақ, гүл, сабақ) тану, атау	7.2.1.2 гүлзардағы, сондай-ақ фотосуреттегі кез келген жергілікті гүлді (ақкекіре, раушангүл, қырмызыгүл) тану, атау; өсімдік бөліктерін (жапырақ, гүл, сабақ) тану, атау, гүлдік өсімдіктерді гүлзарға отырғызуға қатысу	8.2.1.2 гүлзардағы, сондай-ақ фотосуреттегі кез келген жергілікті гүлді (ақкекіре, раушангүл, қырмызыгүл) тану, атау; өсімдік бөліктерін (жапырақ, гүл, сабақ) тану, атау; гүлзардағы гүлдерді күту	9.2.1.2 гүлзардағы, сондай-ақ фотосуреттегі кез келген жергілікті гүлді (ақкекіре, раушангүл, қырмызыгүл) тану, атау; өсімдік бөліктерін (жапырақ, гүл, сабақ) тану, атау; гүлдерден гүлшоқ жасау
2.2 Ағаштар мен бұталар	6.2.2.1 кез келген жергілікті ағашты (қарағаш, терек, емен, үйеңкі, шырша, қайың) тану және атау; ағаштың діңін, бұтағын, жапырағын тану, атау; ағаштың жемістерін (бұр, жаңғақ, талшын)	7.2.2.1 кез келген жергілікті ағашты (қарағаш, терек, емен, үйеңкі, шырша, қайың) тану және атау; ағаштың діңін, бұтағын, жапырағын тану, атау; ағаштың жемістерін (бұр, жаңғақ, талшын)	8.2.2.1 кез келген жергілікті ағашты (қарағаш, терек, емен, үйеңкі, шырша, қайың) тану және атау; ағаштың діңін, бұтағын, жапырағын тану, атау; әр түрлі ағаштардың	9.2.2.1 кез келген жергілікті ағашты (қарағаш, терек, емен, үйеңкі, шырша, қайың) тану және атау; ағаштың діңін, бұтағын, жапырағын тану, атау; ағаштан жасалған заттарды тану; ағаштың

	салыстыру	салыстыру	жапырақтары н қарау және салыстыру; ағаштың жемістерін (бұр, жаңғақ, талшын) жинау, салыстыру	жемістерін (бұр, жаңғақ, талшын) жинау, салыстыру
	6.2.2.2 кез келген жергілікті бұталарды (гүлшетен, итмұрын) тану, атау; бұталардың бұтақтарын, жапырақтарын, гүлдерін тану, атау	7.2.2.2 кез келген жергілікті бұталарды (гүлшетен, итмұрын), сондай-ақ фотосуреттен тану, атау; бұталардың бұтақтарын, жапырақтарын, гүлдерін тану, атау	8.2.2.2 кез келген жергілікті бұталарды (гүлшетен, итмұрын), сондай-ақ фотосуреттен тану, атау; бұталардың бұтақтарын, жапырақтары н, гүлдерін тану, атау	9.2.2.2 кез келген жергілікті бұталарды (гүлшетен, итмұрын), сондай-ақ фотосуреттен тану, атау; бұталардың бұтақтарын, жапырақтарын, гүлдерін тану, атау
2.3 Бақ пен бақша өсімдікте рі	6.2.3.1 көкөністерді: картоп, пияз, сәбіз, қызылша, қызанақ, қияр және басқаларын тану, атау; көкөністерді пішіні, түсі, дәмі бойынша ажырату және салыстыру	7.2.3.1 тамақтағы және атыздағы көкөністерді: картоп, пияз, сәбіз, қызылша, қызанақ, қияр және басқаларын тану, атау; көкөністерді пішіні, түсі, дәмі бойынша ажырату және салыстыру; бақша дақылдарын отырғызуға қатысу	8.2.3.1 тамақтағы және атыздағы көкөністерді: картоп, пияз, сәбіз, қызылша, қызанақ, қияр және басқаларын тану, атау; көкөністерді пішіні, түсі, дәмі бойынша ажырату және салыстыру; бақша дақылдарын отырғызуға	9.2.3.1 тамақтағы және атыздағы көкөністерді: картоп, пияз, сәбіз, қызылша, қызанақ, қияр және басқаларын тану, атау; көкөністерді пішіні, түсі, дәмі бойынша ажырату және салыстыру; бақша дақылдарын отырғызуға қатысу

			қатысу	
6.2.3.2 жемістерді: алма, алмұрт, жүзім, шабдалы, өрік, апельсин, банан немесе басқа да жергілікті жемістерді тану, атау; жемістерді пішіні, түсі, дәмі бойынша ажырату және салыстыру	7.2.3.2 жемістерді: алма, алмұрт, жүзім, шабдалы, өрік, апельсин, банан немесе басқа да жергілікті жемістерді тану, атау; жемістерді пішіні, түсі, дәмі, иісі бойынша ажырату және салыстыру	8.2.3.2 жемістерді: алма, алмұрт, жүзім, шабдалы, өрік, апельсин, банан немесе басқа да жергілікті жемістерді тану, атау; жемістерді пішіні, түсі, дәмі, иісі бойынша ажырату және салыстыру	9.2.3.2 жемістерді: алма, алмұрт, жүзім, шабдалы, өрік, апельсин, банан немесе басқа да жергілікті жемістерді тану, атау; жемістерді пішіні, түсі, дәмі, иісі бойынша ажырату және салыстыру	
6.3.2.3 кез келген жергілікті жидектерді тану, атау; жидектерді пішіні, түсі, дәмі бойынша ажырату және салыстыру	7.3.2.3 кез келген жергілікті жидектерді тану, атау; жидектерді пішіні, түсі, дәмі бойынша ажырату және салыстыру	8.3.2.3 кез келген жергілікті жидектерді тану, атау; жидектерді пішіні, түсі, дәмі бойынша ажырату және салыстыру	9.3.2.3 кез келген жергілікті жидектерді тану, атау; жидектерді пішіні, түсі, дәмі бойынша ажырату және салыстыру	
6.3.2.4 бақша дақылдарын: қарбыз, қауын, асқабақ тану, атау; бақша дақылдарын пішіні, түсі, дәмі бойынша ажырату және салыстыру; бұршақ (үрмебұршақ, кәді, асқабақ) тұқымын	7.3.2.4 бақша дақылдарын: қарбыз, қауын, асқабақ тану, атау; бақша дақылдарын пішіні, түсі, дәмі бойынша ажырату және салыстыру; бұршақ (үрмебұршақ, кәді, асқабақ) тұқымын	8.3.2.4 бақша дақылдарын: қарбыз, қауын, асқабақ тану, атау; бақша дақылдарын пішіні, түсі, дәмі бойынша ажырату және салыстыру; бұршақ (үрмебұршақ, кәді, асқабақ)	9.3.2.4 бақша дақылдарын: қарбыз, қауын, асқабақ тану, атау; бақша дақылдарын пішіні, түсі, дәмі бойынша ажырату және салыстыру; бұршақ (үрмебұршақ, кәді, асқабақ) тұқымын	

	себуге, өсімдікті күтуге қатысу; жаңғақтарды: грек жаңғағын, жержаңғақты тану, атау	себуге, өсімдікті күтуге қатысу; жаңғақтарды: грек жаңғағын, жержаңғақты тану, атау	тұқымын себуге, өсімдікті күтуге қатысу; жаңғақтарды: грек жаңғағын, жержаңғақты тану, атау	себуге, өсімдікті күтуге қатысу; жаңғақтарды: грек жаңғағын, жержаңғақты тану, атау
2.4 Саябақ өсімдікте рі	6.2.4.1 саябақтағы кез келген жергілікті өсімдіктерді тану, атау;	7.2.4.1 саябақтағы кез келген жергілікті өсімдіктерді тану, атау;	8.2.4.1 саябақтағы кез келген жергілікті өсімдіктерді тану, атау;	9.2.4.1 саябақтағы кез келген жергілікті өсімдіктерді тану, атау;
	6.2.4.2 өсімдіктерге ұқыптылықпен қарау дағдысын байқату;	7.2.4.2 өсімдіктерге ұқыптылықпен қарау дағдысын байқату;	8.2.4.2 өсімдіктерге ұқыптылықпен қарау дағдысын байқату;	9.2.4.2 өсімдіктерге ұқыптылықпен қарау дағдысын байқату;
2.5 Орманда р өсімдікте рі	6.2.5.1 жапырақты ағаштарды: қайың, көктерек, емен, шетен және басқа да жергілікті ағаштарды тану, атау; қылқын жапырақты ағаштар: шырша, қарағай, балқарағай және басқа да жергілікті бұталарды, кез келген	7.2.5.1 жапырақты ағаштарды: қайың, көктерек, емен, шетен және басқа да жергілікті ағаштарды тану, атау; қылқын жапырақты ағаштар: шырша, қарағай, балқарағай және басқа да жергілікті бұталарды, кез келген	8.2.5.1 жапырақты ағаштарды: қайың, көктерек, емен, шетен және басқа да жергілікті ағаштарды тану, атау; қылқын жапырақты ағаштар: шырша, қарағай, балқарағай және басқа да жергілікті бұталарды, кез келген	9.2.5.1 жапырақты ағаштарды: қайың, көктерек, емен, шетен және басқа да жергілікті ағаштарды тану, атау; қылқын жапырақты ағаштар: шырша, қарағай, балқарағай және басқа да жергілікті бұталарды, кез келген

	жергілікті шөптесін өсімдіктерді; кез келген жергілікті ормандағы саңырауқұлақты: жеуге жарамды, жеуге жарамсыз (мұғалімнің таңдауы бойынша) тану, атау	жергілікті шөптесін өсімдіктерді; кез келген жергілікті ормандағы саңырауқұлақты: жеуге жарамды, жеуге жарамсыз (мұғалімнің таңдауы бойынша) тану, атау	жергілікті шөптесін өсімдіктерді; кез келген жергілікті ормандағы саңырауқұлақты: жеуге жарамды, жеуге жарамсыз (мұғалімнің таңдауы бойынша) тану, атау	жергілікті шөптесін өсімдіктерді; кез келген жергілікті ормандағы саңырауқұлақты: жеуге жарамды, жеуге жарамсыз (мұғалімнің таңдауы бойынша) тану, атау
	6.2.5.2 табиғатта қауіпсіздік ережелерін (өзі үшін және табиғат үшін) ұстану;	7.2.5.2 табиғатта қауіпсіздік ережелерін (өзі үшін және табиғат үшін) ұстану;	8.2.5.2 табиғатта қауіпсіздік ережелерін (өзі үшін және табиғат үшін) ұстану;	9.2.5.2 табиғатта қауіпсіздік ережелерін (өзі үшін және табиғат үшін) ұстану;
2.6 Егістік және шабындық өсімдіктері	6.2.6.1 егістік пен шабындықтағы кез келген жергілікті өсімдіктерді тану және атау; оларды суреттегі бейнелерімен салыстыру	7.2.6.1 егістік пен шабындықтағы кез келген жергілікті өсімдіктерді тану және атау; оларды суреттегі бейнелерімен салыстыру; өсімдік бөліктерін атау	8.2.6.1 егістік пен шабындықтағы кез келген жергілікті өсімдіктерді тану және атау; оларды суреттегі бейнелерімен салыстыру; гербарий құрастыру	9.2.6.1 егістік пен шабындықтағы кез келген жергілікті өсімдіктерді тану және атау; оларды суреттегі бейнелерімен салыстыру; туған өлке өсімдіктерінің кескіндерін салу
2.7 Дала және шөл өсімдіктері	6.2.7.1 даладағы кез келген жергілікті өсімдікті тану	7.2.7.1 даладағы кез келген жергілікті өсімдікті тану	8.2.7.1 даладағы кез келген жергілікті өсімдікті тану	9.2.7.1 даладағы кез келген жергілікті өсімдікті тану

	және атау; оларды суреттегі бейнелерімен салыстыру	және атау; оларды суреттегі бейнелерімен салыстыру; өсімдік бөліктерін атау	және атау; оларды суреттегі бейнелерімен салыстыру; гербарий құрастыру	және атау; оларды суреттегі бейнелерімен салыстыру; туған өлке өсімдіктерінің кескіндерін салу
	6.2.7.2 қияқты тану және атау	7.2.7.2 қияқты, жантақты тану және атау	8.2.7.2 қияқты, жантақты тану және атау	9.2.7.2 қияқты, жантақты тану және атау
2.8 Жануарлардың алуан түрлілігі	6.2.8.1 жануарларды, аңдарды, құстарды, балықтарды, жәндіктерді, құрттарды, жыландарды, бақаларды тану, атау	7.2.8.1 жәндіктерді: көбелектер, қоңыздар, шегірткелер және өрмекшілер және (немесе) мұғалімнің таңдауы бойынша басқаларын тану, атау, зиянды және қауіпті жәндіктерді (колорад қоңызы, бит) тану	8.2.8.1 жәндіктерді: ара, құмырсқа тану, атау, араның ұясын, құмырсқаның ұясын тану және ажырату; омарташылық өнімдерін тану және атау	9.2.8.1 жәндіктерді: маса, шыбын тану, атау; олардың адамға тигізер зиянын және күресу жолдарын түсіну
	6.2.8.2 жануарлар өмірі үшін қажетті талаптар: су, азық, ауа, жылу	7.2.8.2 аквариум балықтарын (мұғалімнің таңдауы бойынша) тану және атау; аквариум балықтарын тамақтандыруға және күтуге көмектесу	8.2.8.2 балықтарды: шортан, алабұға, мөңке балықты және (немесе) мұғалімнің таңдауы бойынша басқаларын тану және	9.2.8.2 қосмекенділерді: бақа, құрбақаны тану және атау; мекендейтін орнын атау; пайдасын түсіну



			атау; балықтың дене бөліктерін, қозғалу тәсілін, мекендейтін орнын атау	
	6.2.8.3 жабайы және үй жануарларын ажырату	7.2.8.3 жыланды тану және атау; табиғатта жыланды байқаған кезде сақтық ережелерін ұстану		
2.9 Үй жануарлары және үй құстары	6.2.9.1 үй жануардарын: мысық, ит (немесе мұғалімнің таңдауы бойынша) тану және атау	7.2.9.1 үй жануардарын: мысық, ит (немесе мұғалімнің таңдауы бойынша) тану және атау	8.2.9.1 үй жануардарын: сиыр, жылқы, қой (немесе мұғалімнің таңдауы бойынша) тану және атау; адамға тигізер пайдасын түсіну	9.2.9.1 үй жануардарын тану және атау; адамға тигізер пайдасын түсіну
	6.2.9.2 үй жануарларының азығын, қылығын, күтімінің ерекшеліктерін атау	7.2.9.2 үй жануарларының азығын, қылығын, күтімінің ерекшеліктерін атау	8.2.9.2 үй жануарларының азығын, қылығын, күтімінің ерекшеліктерін атау	9.2.9.2 үй жануарларының азығын, қылығын, күтімінің ерекшеліктерін атау
	6.2.9.3 үй құстарын: тауық (немесе мұғалімнің таңдауы бойынша) тану және атау	7.2.9.3 үй құстарын: үйрек (немесе мұғалімнің таңдауы бойынша) тану және атау	8.2.9.3 үй құстарын: қаз (немесе мұғалімнің таңдауы бойынша) тану және	9.2.9.3 үй құстарын тану және атау

			атау	
	6.2.9.4 үй құстарының азығын, қылығын, күтімінің ерекшеліктерін атау	7.2.9.4 үй құстарының азығын, қылығын, күтімінің ерекшеліктерін атау	8.2.9.4 үй құстарының азығын, қылығын, күтімінің ерекшеліктері н атау	9.2.9.4 үй құстарының азығын, қылығын, күтімінің ерекшеліктерін атау
	6.2.9.5 үй жануарлары және үй құстарына қайырымдылы қпен қарау және қамқорлық көрсету	7.2.9.5 үй жануарлары және үй құстарына қайырымдылы қпен қарау және қамқорлық көрсету	8.2.9.5 үй жануарлары және үй құстарына қайырымдылы қпен қарау және қамқорлық көрсету	9.2.9.5 үй жануарлары және үй құстарына қайырымдылық пен қарау және қамқорлық көрсету
2.10 Жабайы жануарлар және жабайы құстар	6.2.10.1 жабайы жануардарды: түлкі, қоянды (немесе мұғалімнің таңдауы бойынша) тану және атау	7.2.10.1 жабайы жануардарды: аю, тиінді (немесе мұғалімнің таңдауы бойынша) тану және атау	8.2.10.1 жабайы жануардарды: қасқыр, жолбарысты (немесе мұғалімнің таңдауы бойынша) тану және атау	9.2.10.1 жабайы жануардарды: түлкі, қасқыр, аюды (немесе мұғалімнің таңдауы бойынша) тану және атау
	6.2.10.2 жабайы жануардардың сыртқы түрін, мекендейтін орнын, қоректенуін, дене құрылысының ерекшеліктерін , аңдардың қылықтарын, жыл мезгілінің өзгеруіне	7.2.10.2 жабайы жануардардың сыртқы түрін, мекендейтін орнын, қоректенуін, дене құрылысының ерекшеліктерін , аңдардың қылықтарын, жыл мезгілінің өзгеруіне	8.2.10.2 жабайы жануардардың сыртқы түрін, мекендейтін орнын, қоректенуін, дене құрылысының ерекшеліктері н, аңдардың қылықтарын, жыл мезгілінің	9.2.10.2 жабайы жануардардың сыртқы түрін, мекендейтін орнын, қоректенуін, дене құрылысының ерекшеліктерін, аңдардың қылықтарын, жыл мезгілінің өзгеруіне бейімделуін

	бейімделуін білу және атау	бейімделуін білу және атау	өзгеруіне бейімделуін білу және атау	білу және атау
	6.2.10.3 қыстап қалатын және жыл құстарын: торғай, сауысқан, суықторғай, қарлығаш және (немесе) мұғалімнің таңдауы бойынша басқа жергілікті құстарды тану және атау	7.2.10.3 қыстап қалатын және жыл құстарын: торғай, сауысқан, суықторғай, қарлығаш және (немесе) мұғалімнің таңдауы бойынша басқа жергілікті құстарды тану және атау	8.2.10.3 қыстап қалатын және жыл құстарын: торғай, сауысқан, суықторғай, қарлығаш және (немесе) мұғалімнің таңдауы бойынша басқа жергілікті құстарды тану және атау	9.2.10.3 қыстап қалатын және жыл құстарын: торғай, сауысқан, суықторғай, қарлығаш және (немесе) мұғалімнің таңдауы бойынша басқа жергілікті құстарды тану және атау

3) «Адам ағзасы»:  
3-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары			
	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
3.1 Адам және оның денесі	6.3.1.1 адамның дене мүшелерін (бас, дене, қол, аяқ) тану және атау;	7.3.1.1 адамның дене мүшелерін (бас, дене, қол, аяқ) тану және атау;	8.3.1.1 адамның дене мүшелерін, сондай-ақ фотосуреттен (бас, дене, қол, аяқ) тану және атау;	9.3.1.1 адамның дене мүшелерін, сондай-ақ суреттен (бас, дене, қол, аяқ) тану және атау;
	6.3.1.2 адам денесі орындайтын әрекеттерді атау және көрсету	7.3.1.2 адамның бойының және дене бітімінің жеке ерекшеліктерін ажырату	8.3.1.2 өзінің бет әлпетінің, бойының, дене бітімінің жеке ерекшеліктерін түсіну	9.3.1.2 өзінің бет әлпетінің, бойының, дене бітімінің жеке ерекшеліктерін түсіну
	6.3.1.3 адам қаңқасының	7.3.1.3 адамның денесінің, қолы	8.3.1.3 ас қорыту	9.3.1.3 тыныс алу мүшелерін

	бөліктерін: бас сүйек, дене сүйектері (омыртқа кеуде қуысымен), аяқ пен қол сүйектерін, омыртқа, қабырға, жамбас сүйектерін атау және көрсету; қаңқаның адам денесінің тірегі екенін түсіну; жүрген, тұрған, отырған кездегі дұрыс және дұрыс емес мүсінді ажырату	мен аяғының бұлшық еттерін көрсету; бұлшық еттің адамға қозғалуға, таңертеңгілік гимнастиканың қарапайым жаттығуларын орындауға көмектесетінін түсіну	мүшелерін атау; тамақты жақсылап шайнаудың маңызын түсіну; өсімдіктен және жануарлардан шыққан өнімдерді ажырату; пайдалы және пайдасыз тағамдарды ажырату; жаңа жасалған және бұзылып кеткен тамақ өнімдерін анықтап тану; шығару мүшелерін; бүйрек, теріні атау	және олардың атқарымын атау; адамның тыныс алуы үшін таза ауаның маңызын түсіну; қан айналымы мүшелерін атау, қанның адам ағзасы үшін маңызын атау; сезім мүшелерін атау; адамның сезім мүшелерінің қарапайым гигиеналық тәсілдерін білу
	6.3.1.4 өзінің ауру жағдайы, жағымсыз сезінулері (аштық, суық, ыстық, ауру сезінімдер) туралы хабарлау;	7.3.1.4 өзінің ауру жағдайы, жағымсыз сезінулері (аштық, суық, ыстық, ауру сезінімдер) туралы хабарлау;	8.3.1.4 өзінің ауру жағдайы, жағымсыз сезінулері (аштық, суық, ыстық, ауру сезінімдер) туралы хабарлау;	9.3.1.4 өзінің ауру жағдайы, жағымсыз сезінулері (аштық, суық, ыстық, ауру сезінімдер) туралы хабарлау;
	6.3.1.5 өзінің тегін, есімін, әкесінің есімін, туылу датасын атау	7.3.1.5 өзінің тегін, есімін, әкесінің есімін, туылу датасын атау	8.3.1.5 өзінің тегін, есімін, әкесінің есімін, туылу датасын атау	9.3.1.5 өзінің тегін, есімін, әкесінің есімін, туылу датасын атау
3.2 Адам және	6.3.2.1 адам өмірінің кезеңдерін:	7.3.2.1 адам өмірінің кезеңдерін:	8.3.2.1 адам өмірінің кезеңдерін:	9.3.2.1 адам өмірінің кезеңдерін:

оның өмірі	бала, жасөспірім, ересек, қарт (кәрі) ажырату, атау; өз өмірін осы кезеңдермен салыстыру;	бала, жасөспірім, ересек, қарт (кәрі) ажырату, атау; өз өмірін осы кезеңдермен салыстыру;	бала, жасөспірім, ересек, қарт (кәрі) ажырату, атау; өз өмірін осы кезеңдермен салыстыру;	бала, жасөспірім, ересек, қарт (кәрі) ажырату, атау; өз өмірін осы кезеңдермен салыстыру; жанұядағы туыстық қатынастарды (ата-ана, ұл, қыз, немере, іні, жиен) түсіну;
	6.3.2.2 өзін теңдестіру: «бұл жасөспірім – мен»	7.3.2.2 өзін теңдестіру: «бұл жасөспірім – мен»	8.3.2.2 өзін теңдестіру: «бұл бозбала (бойжеткен) – мен»	9.3.2.2 өзін теңдестіру: «бұл бозбала (бойжеткен) – мен»
	6.3.2.3 адам өмірінің әр түрлі кезеңдеріндегі әрекет түрлерін фотосуреттен көрсету/атау;	7.3.2.3 өзінің әрекет түрлерін фотосуреттен көрсету/атау;	8.3.2.3 өзінің әрекет түрлерін және басқа адамдардың тәуліктің әр түрлі бөліктеріндегі әрекет түрлерін фотосуреттен көрсету/атау;	9.3.2.3 фотосуретті белгілі бір түзімдік сәттермен салыстыру
	6.3.2.4 ересектерді, туысқандарын, көршілерді, мұғалімді фотосуреттен көрсету/атау;	7.3.2.4 ересектердің, ата-анасының әрекет түрлерін фотосуреттен көрсету/атау;	8.3.2.4 мамандықтары (дәрігер, аспазшы, жүргізуші) әр түрлі ересектердің әрекет түрлерін фотосуреттен көрсету/атау;	9.3.2.4 мамандықтары (дәрігер, аспазшы, жүргізуші, мұғалім, сатушы) әр түрлі ересектердің әрекет түрлерін фотосуреттен көрсету/атау;
	6.3.2.5	7.3.2.5	8.3.2.5	9.3.2.5

	сыныптастарын есімдері бойынша атау; фотосуреттегі кіші-үлкен таныс, бейтаныс адамдарды ажырату; фотосуреттен достарын, сыныптастарын көрсету;	сыныптастарын есімдері бойынша атау; фотосуреттегі кіші-үлкен таныс, бейтаныс адамдарды ажырату; фотосуреттен достарын, сыныптастарын көрсету;	сыныптастарын есімдері бойынша атау; фотосуреттегі кіші-үлкен таныс, бейтаныс адамдарды ажырату; фотосуреттен достарын, сыныптастарын көрсету;	сыныптастарын есімдері бойынша атау; фотосуреттегі кіші-үлкен таныс, бейтаныс адамдарды ажырату; фотосуреттен достарын, сыныптастарын көрсету;
	6.3.2.6 ұжымдық еңбек ережелерін, ұжымдағы өмір ережелерін, тату ойын ережелерін орындау	7.3.2.6 ұжымдық еңбек ережелерін, ұжымдағы өмір ережелерін, тату ойын ережелерін орындау	8.3.2.6 ұжымдық еңбек ережелерін, ұжымдағы өмір ережелерін, тату ойын ережелерін орындау	9.3.2.6 ұжымдық еңбек ережелерін, ұжымдағы өмір ережелерін, тату ойын ережелерін орындау

## 4) 4-бөлім «Менің Отаным»:

## 4-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары			
	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
4.1 Менің қалам (ауылым)	6.4.1.1 өзінің қаласын (ауылын, селосын, елді мекенін) атау	7.4.1.1 өзінің қаласын (ауылын, селосын, елді мекенін) атау	8.4.1.1 өзінің қаласын (ауылын, селосын, елді мекенін) атау	9.4.1.1 өзінің қаласын (ауылын, селосын, елді мекенін) атау
	6.4.1.2 фотосуреттен жергілікті табиғаттың көрікті жерлерін (өзен, көл, тоған, тау, орман) тану	7.4.1.2 фотосуреттен жергілікті табиғаттың көрікті жерлерін (өзен, көл, тоған, тау, орман) тану	8.4.1.2 фотосуреттен жергілікті табиғаттың көрікті жерлерін (өзен, көл, тоған, тау,	9.4.1.2 фотосуреттен жергілікті табиғаттың көрікті жерлерін (өзен, көл, тоған, тау, орман) тану

	және атау;	және атау;	орман) тану және атау;	және атау;
4.2 Менің елім	6.4.2.1 өзінің елін және Қазақстанның астанасын атау, Қазақстанның туын және елтаңбасын тану	7.4.2.1 өзінің елін және Қазақстанның астанасын атау, Қазақстанның туын және елтаңбасын тану	8.4.2.1 өзінің елін және Қазақстанның астанасын атау, Қазақстанның туын және елтаңбасын тану	9.4.2.1 өзінің елін және Қазақстанның астанасын атау, Қазақстанның туын және елтаңбасын тану

36. Мұғалім сыныптағы білім алушылардың психофизикалық және зерде даму ерекшеліктеріне байланысты олардың мүмкіндіктерін есепке ала отырып, тоқсандықтар бойынша ұзақ мерзімді жоспарлауды өздігінен әзірлейді.